

Қазақстан мәдениеті

Орындаған: Дәужігіт Ақерке

Мақсатым:


Презентациям арқылы мен қазақ емес Қазақстан мәдениетін, яғни тәуелсіздік алғаннан кейінгі мәдениетіміз жайында баяндап, қандай құндылықтарымызды жоғалтып немесе қандай құндылықтарға ие болдық деген сұрақ аясында жұмыс жасаймын.

Жоспар:

- ❖ Музыка мәдениеті
- ❖ Би өнері
- ❖ Кино
- ❖ Тұрмыс – тіршілік мәдениеті
- ❖ Салт – дәстүр мәдениеті

Қазақ музыка мәдениеті

Қазақ музыка мәдениетінде музыкалық аспаптардың алар орны ерекше. Қазақ пен домбыра қашан да қатар жүрген. Домбыраға шаңырақ төрініен орын берген, киесіне сенген халықпыз. Нағыз қазақ қазақ емес нағыз қазақ домбыра дегендей ертеректе домбырада күй төкпеген қазақ болмаған. Сонымен қатар жетіген, қобыз, сазсырнай, дауылпаз, желбуаз, адырна, үскірік т.б. қазақтың ұлттық аспаптар бар.



Қазақстанның музыка мәдениеті

Қазақстанның қазіргі даму барысында музыка мәдениетінің көп тармақты құрылымы қалыптасты. Республикада Европалық жанрдағы орындаушылық және композиторлық шығармашылықпен қоса, әуенді шығарудың жаңа дәстүрлі, әлемдік көпшілік музыка (рок, эстрада, джаз) және әлемдік концессиялардың діни музыкасы, Қазақстанды мекендеген халықтардың - ұйғырлардың, кәрістердің, немістердің, дұңғандардың орыстардың, татарлардың ауысша кәсіби фольклоры негіз салды



Ұлттық құндылықтарымызды толығымен музыка мәдениетінде жоғалттық деуге әрине болмайды, себебі әлі күнге дейін ұлттық аспаптарымыз қолданылып келеді. Тек ескі сарын мен өзге стильдің үйлесуімен жаңа бір музыка мәдениеттері пайда болды. Мысалға “Ұлытау” тобы музыка мәдениетіне жаңа серпіліс алып келді.

Қазақ би өнері

Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретіндегі би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған.



Қазақстан би өнері

Тәуелсіздік алғаннан кейін би өнері түбегейлі өзгерген жоқ, тек жаңа би бағыттары дами бастады. Мысалы, балет, коркем гимнастика, көше билері, және т.б.




Қазақ киносы

Қазақ киносы - [Қазан төңкерісінен](#) кейін пайда болды. Алғашқы киношежіре 1925 жылы түсірілді. Ең алғашқы қазақ киносы «Амангелді» 1938 жылы түсірілген. Бұл қазақ халқының кино мәдениетіне басқан ең алғашқы қадамы еді. Назарыңызға амангелді фильмнен үзінді. Сол шақта отар мемлекет болғандықтан бұл фильм орыс тілінде түсірілген. Алайда қазақ тіліндегі мына ән фильм орысша болса да қазақи көрініске жетелейді.


Қазақстан кино мәдениеті

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік тілде алғаш қазақтың төл туындылары түсіріле бастады. Алайда “Менің атым Қожа”, “Алты жасар Алпамыс мектепке барады”, “Біздің сүйікті доктор” сынды көркемфильмдер әлі күнге халық арасында қызығын жоғалтпаған. Қазіргі таңда Қазақстанда заман талабына сай сапалы фильмдер түсіріледі. Қуантатын жайт - ертеректегі мәдениетіміздің ұмытылмай сол мәдениеттің заман талабына сай қазақ фильмдерінен көрініс табуы. Мысалы, “Қара шаңырақ”, “Балалық шағымның аспаны”, “Алдар көсе”, т.б.



Қазақ тұрмыс - тіршілігі

Қай халықты алсақ та онын өзіңіе тән тұрмыс-тіршілігі, құн-көрісі, әдет-ғұрпы, салты болатындығын білеміз. Мұның бәрі сол халықпен бірге жасасып, оның тарихына өзінше ілесе жүретіндігін байқаймыз. Ежелден көшпелі қазақ киіз үйді баспана тұтқан. Көшіп – қонуға оңай болғандықтан бұндай үйлер көшпелілер үшін таптырмас баспана болған. Халқымыз киіз үйдің ошақ – басын, шаңырағын киелі деп санаған



Courtesy Photo/Altynal Myrzakhetkyzy



Қазақстан халқының тұрмысы


Бұл күнде киіз үйде тұратын адам жоқ, тек ұлттық мерекелер кезінде ғана тігіледі. Көш-қон болмаған соң киіз үйде тұру тиімсіз. Заман талабына қарай қазір алып та әсем құрылыстар көбірек сұранысқа ие. Сонымен қатар Қазақстан биыл дамыған 50 мемлекеттер тізімінен 50-ші орнына жайғасты. Төменде суреттерде Қазақстан қазіргі таңда



Қазақ халқы салт - дәстүрі

Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері.

Қазақ халқы салт - дәстүрге ең бай халықтардың бірі. Салт пен дәстүрге ерекше құрмет көрсеткен, оның бұзылмауына, көркеюіне әрдайым көңіл бөлген. Қазірге дейін жеткендердің бірнешеуін атап өтсек: беташар, қыз ұзату, қыз алып қашу, құда түсу, неке қияр, т.б



Қазақстан халқы салт-дәстүрі

Осы күнге дейін шұбарланбай өз қалпында жеткен салт-дәстүрлер жоқтың қасы, дәстүрлер заман талабына қарай өзгерістерге түсуде. “Қыз алып қашу” салтына мемлекет ата заңмен шек қойды. Қыз ұзату, беташар сынды дәстүрлер мүлдем бастапқы ағынынан шығып бара жатыр десек те болады. “-Неге?” деген сұрақ туындайды. Жауабы тек біреу: “заман талабы”. Төменде салт-дәстүрлеріміздің қазіргі таңдағы көрінісі:



Қорытынды

Жалпы қоғам бір ғана орныда тұрақтап қалмайды, ол өзгереді. Онымен қоғам мәдениеті де қоса өзгереді. Мәдениетті өзгеріссіз ұстап тұру мүмкін емес тек сол мәдениетті одан ары жақсы жаққа көрейту үшін күш салу керек. Ең бастысы ата-баба өсиетіне берік болу керек деп санаймын.